

**Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығы үшін елеулі маңызды болып табылатын және оларға қатысты ерекше жағдайлар кезінде экспорттауға уақытша тыйым салу немесе сандық шектеу енгізілуі мүмкін тауарлар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 42 шешімі

Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 14-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16-тармағының негізінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 25 наурыздағы "COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмауға бағытталған шараларды іске асыру туралы" № 11 өкімінің 6-тармағы негізінде, азық-түлік тауарларының жетіспеу тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында шұғыл әрекет етуді талап ететін айрықша жағдайға байланысты, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 83 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығы үшін елеулі маңызды болып табылатын және оларға қатысты ерекше жағдайларда экспорттауға уақытша тыйым салу немесе сандық шектеу енгізілуі мүмкін тауарлардың тізбесіне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2020 жылғы 31 наурыздағы  
№ 42 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығы үшін елеулі маңызды болып табылатын және оларға қатысты ерекше жағдайларда экспорттауға уақытша тыйым салу немесе сандық шектеу енгізілуі мүмкін тауарлардың тізбесіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. ЕАЭҚ СЭҚ ТН-ның коды "0402" позициясынан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"0703 10 110 0

Пияз көшеті

0703 10 190 0

Өзге түйнек пияз

0703 20 000 0

Сарымсақ

0706 10 000 9

Шалқан".

2. ЕАЭҚ СЭҚ ТН "1518 00" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"1904 90 800 0

Қарақұмықтан жасалған дайын тамақ өнімдері".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК